


ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА
ҰЛЫ ОТАН
СОҒЫСЫНДАҒЫ
ЖЕҢІСКЕ
75
ЖЫЛ


ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА


Мереке құтты болсын, майдангерлер,
Жасампаз бейбіт өмір Жеңіс Күнің!
Адамды зар жылатқыш, тұншықтырғыш,
Болмасын жер бетінде енді соғыс.
Шалқыған шұғыласын шаша берсін,
Бейбіт күн, бейбіт өмір, бейбіт тұрмыс!
Ғазез ӘМІРХАМЗИН,
Ұлы Отан соғысының ардагері.
Иманов атындағы совхоз.

## Әмірхамзаұлы Ғабдол-Ғазез

1912 жылы туған.1952-1966 жылдар аралығында Жаңа ауыл орта мектебінде бастауыш сыныпта сабақ берді. Есімдері бүкіл Торғай еліне мәлім Сатыбалды ишан мен Әбжан Ысқақұлынан екі жыл діни дәріс алған. Кейін Әмір Темірбаевтың төрт сыныптық мектебінде оқыған. Ұстаздық қызметте жүріп, Қызылорда педагогикалық техникумын сырттай оқып бітірді. Соғыстан кейінгі жылдары ұстаздық кәсібін шығармашылықпен байланыстырды. Ақынның күнделікті баспасөзде жарияланған көптеген өлеңдерімен қатар «Жеті мерген», «Тыныбай тоспасындағы айқас», «Өшпес мұра», «Торғай толғауы», «Ең ақырғы айқас» сияқты көлемді дастан, жырлары 1916 жылы Амангелді Иманов бастаған Ұлт –азаттық ұлы шайқастың ерліктерін паш ете жүріп, ел аузындағы аңыз-әңгімелерді жалықпай жинап, аудан, облыс, респуликалық газеттерде жариялап тұрды. Есімдері ұмыт бола бастаған, Торғай өңірінің дүлділ ақындары Сейдахмет, Файзолла, Сәт, Құтжан өмірлері мен шығармалары туралы құнды деректерді

оқырман қауымға ұсынып отырды. Этнограф қаламгердің бұл тарапта жинаған қыруар қымбат қазынасы ұрпақтарының қолында сақтаулы. Бұл кісі «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған. Зейнеткерлікке шыққанша Жаңа ауыл орта мектебінде іс жүргізуші боп қызмет атқарды.